

МАХМҰТ ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ

Максутов Т.Б.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

Ұлы даланы ежелден мекендеген түрік тайпаларының әскери істі жақсы меңгергені, жылқыны қолға үйретіп, темір қорыта білгендігі, қолданған қару-жарақтары мен күндегі тұрмыс құралдары туралы біршама деректер бар. Түрік халықтарында әскери іспен қатар, рухани мәдениет, білім мен ғылым жақсы дамығанын білеміз. X ғасырға дейін түріктердің 35 әріптен әліпбиі мен жазуы болғаны да белгілі. Түріктердің әліпбиі өздерінің ру-тайпаларының таңбалары негізінде жасалған. Мысалы, «Күлтегін», Білге қаған және «Тоныкөк» жазулары көне түркі жазуының алғашқы ескерткіштерінің бірі. Бұлар – нағыз тарихи дерек көздері. [1, 184 б.]. Бірақ, араб шапқыншылығы кезінде, арабтар дінімен қатар, өзінің жазуын, өзінің әліпбиін алып келді. Нәтижесінде, түрік тіліне жаңа сөздермен әріптер еніп, ежелгі түрік жазуы ұмытылды. XI ғасырда арабтардың мәдени-рухани ықпалынан кейін 18 әріп және екінші реттегі 7 әріптен тұратын түрік әліпбиі туралы, түрік тайпаларының сөздік ерекшеліктері мен әріптері жайлы еңбекті алғаш болып Махмұт Қашқари жазды. Махмұт Қашқари өзі жайлы, атқарылған ұлы ісі және еңбектің аты жайлы былай дейді: «Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты тізіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ит-түрік – Түрік тілдерінің диуаны», – деген ат бердім» [2, 35 б.]. Махмұт Қашқаридің бұл сөздерінде және жалпы «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде өзінің еліне, халқына деген патриоттық сезімі тайға таңба басқандай анық байқалады.

Жалпы, түрік жұртының 552 – 734 жылдар аралығындағы тарихи кезеңін Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері жеткізсе, сол ескерткіштердегі қашалған сөздерінен «Түрік» ұғымына қастерлей қарау ниеті байқалады. Мұндай ниетті Махмұт Қашқаридің сөздігінен де байқаймыз. Сонымен қатар, Онгін жазуындағы «батыр ерлерін балбал етіп қойды. Түрік халқы аты жоғала бастаған еді. «Түрік халқы құрымасын, құрбан болмасын!» [3, 61 б.] – деп үстіндегі Тәңірі айтқан еді» [3, 61 б.], – дегендегі Тәңірдің аузынан айтылған сөздің мағынасы да Махмұт Қашқаридің еңбегіне өте ұқсас. Яғни, бұл ескерткіштермен сөздік арасында өте үлкен ұқсас ой мен сабақтастықтың бар екендігін көрсетеді.

Махмұт Қашқаридің үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітапқа жинақталған тілтану жайлы еңбегі хижра бойынша 464-466 жылдары, қазіргі есеппен 1072-1074 жылдары аралығында жазылып аяқталғаны белгілі. «Диуани лұғат ат түрік» еңбегі бүкіл түрік тілдері әлеміне ортақ Тілтану энциклопедиясы Бұл еңбекпен автор тіл білімі тарихына үлкен үлес қосты [4, 485 б.]. Осы жылдар аралығында еңбек төрт рет редакциядан өткен. Махмұт Қашқаридің сөздігі оның ғұмырлық еңбегі деп айтсақ қателеспейміз. Себебі, ұлан-ғайыр жерді мекендеп жүрген түрік халықтарының тарихы мен олардың барлық тілдік ерекшеліктерін зерттеу, тіршіліктегі, тұрмыстағы қолдану аясын зерттеу үлкен жұмыс және өте орасан зор уақытты талап етеді. «Мен бұл кітапты хикмат сөздер, сежілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режес және несір секілді әдеби сөздермен безендіріп, мақсұс әліппесі ретімен тізіп шықтым.

Үйренушілер мен қызығушылар керекті сөздерді тез, оңай табуы үшін көп жылдар бейнет шегіп, сөздерді орын-орындарына қойдым. Көмескілерін аштым, жарық еттім, қателерін жұмсарттым, түзеттім. Ақыры, бұл тіл кітабын мынадай сегіз бөлікке жіктедім» [2, 33 б.] – деп Махмұт Қашқари кіріспе бөлімінде түсінік жазған.

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» еңбегі түрік тарихының дереккөзі Махмұт Қашқари Барсхан қаласында дүниеге келген. Ата-бабасы Қарахан мемлекетінің билеуші тобынан шыққан шыққан. Дүниеге келгеннен кейін бірнеше жыл өткен соң, оның отбасы Шығыс Қарахан мемлекетінің екінші үлкен орталығы – Қашқар қаласына көшеді. Бұл қалада білім алып, ғалым атанып, Махмұт Қашқари деген атқа ие болады. Алайда оның ғалым және философ болып қалыптасуы Баласағұн және Қашқармен шектелмеді. Махмұт Қашқари білім жолын қуып, одан әрі білімін мұсылман мәдени орталықтары Самарқан, Бұқара, Нишапур, Мерв және Бағдад қалаларында толықтырды [5, 467 б.]. Ғалым өзі туған жері туралы біраз мәлімет берген. «Барсхан – Афрасиаб ұлының есімі. Барсхан қаласын сол салдырған» деп қала тарихы жайлы құнды дерек қалдырады. Тағы бір айта кететін жайт, «Диуани лұғат ат түрік» еңбегінде осы қала маңында орналасқан жайлаулар мен ауылдардың атауын кездестіргенде, «біздің жер», «біздің жайлау» деп айтқаны кездеседі. Яғни, Махмұт Қашқаридің дүниеге келген жері туралы бірнеше болжам кездескенімен, нақты туылған жері Барсхан қаласы деп айтуға болады.

Ғалымның қай жылы дүниеге келіп, қай жылы дүниеден қайтқаны жайлы анық мәлімет жоқ. Өзінің еңбектерінде де ол жайлы мәлімет қалдырмаған. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік» еңбегін қай жылдар аралығында жазып бітіргендігіне қарап, оның туған және қайтыс болған жылдарын болжап есептеуге болады. Кітаптың мәтінінде еңбек хижра бойынша 464-466 жылдары жазылды, яғни, қазіргі жыл санау бойынша 1072-1078 жылдары жазылып төрт рет редакциядан өткен деп тұжырымдалады. Кітап мәтінінде өзі жайлы, Махмұт Қашқари өзінің ең бір қызыл тілді шешен, батыл, өжет, найзагер екендігін айтады. Ел ішінде танылмаған, белгілі болмаған, мойындалмаған болса, Махмұт Қашқари сияқты ғұлама ғалымдар құр мақтанға салынбас еді. «Диуани лұғат ат түрік» еңбегін жазуды бастаған кезінде кемеліне келіп, ел ағасы болған шағы деп болжауға болады. Сөздік 1072-1078 жылдары жазылып біткен болса, оны жазған ғалым елулерден асқан адам. Сонда Махмұт Қашқари 1029-1038 жылдар аралығында дүниеге келген деген О.Прицақтың болжамы бар. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін жазып, барша түркі әлемінің тұңғыш филологы атанған Махмұт Қашқариді арабтың мәшхүр тілтанушы ғалымы Жамаладдин ибн Мұхан өзінің ұстазы деп мойындаған. Аталмыш еңбегінде Махмұт Қашқари түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау тәсілімен жарыстыра түсіндіріп, араб тілінің зандылықтарымен екшеп салмақтады. Сол себепті «Диуани лұғат ат-түрік» барлық түркі халқының тұңғыш сөздігі, ал Махмұт Қашқари барлық түркі халқының тұңғыш филологы ретінде мойындалған [5, 468 б.].

«Диуани лұғат ат-түрік» кітабының қазіргі уақытқа дейін жалғыз қолжазбасы ғана жеткен. Қолжазба Түркияның Стамбул қаласының кітапханасында сақтаулы. Кезінде бұл кітап Бағдаттағы халифат кітапханасында болып, кейін әр-түрлі жағдайда көшіріліп, әр жерге тараған. Кейін Шамда тұрған Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих Махмұт Қашқаридің өз қолымен жазған тікелей түп нұсқасынан көшірме жасағандығын айтқан. Көшірменің соңында: «Бұл кітапты түпнұсқадан көшіріп болған күн 644 жылғы шәууәлінің 27 күнгі базар еді» [2]. Осы дерекке қарағанда көшірме «Диуани лұғат ат-түрік» жазылғаннан 180 жыл өткен соң жасалғандығы белгілі болады. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде 6800 түрік сөзі, 110 жер-су аты, 40 халық пен тайпалардың атауы берілген. 242 өлең жолдары, 262 мақал-мәтел кездеседі. Бір қызығы еңбекте кездесетін 875 сөзбен 60 мақал-мәтелдер ешқандай өзгеріссіз қазақ тілінде кездеседі. Уақыт өте келе Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» еңбегі, түркі тілдерінің сөздігі көптеген ғылыми зерттеулердің басталуына негіз болды. Мысыр, неміс, түрік, венгр, орыс ғұламалары қызыға зерттеген. Тарихта аты белгілі мысырлық тарихшы Махмұт ибн Ахмет ибн Мұса хижра бойынша 758 жылы «Замана ақыл-ойының ақық-інжулері» еңбегінде түрік жұртының ру-тайпалары, таңбалық белгілері, тұрмысы жайлы нақты мәліметтерді Махмұт Қашқаридің еңбегінен алғандығын айтып, сілтеме қалдырған.

Неміс ғалымы К.Броккельман «Диуани лұғат ат түрік» еңбегін зерттеушілердің бірі. Ол зерттеу жұмыстарын 1919 жылдан бастайды, ал 1928 жылы неміс әліпбиінің ретімен түзілген сөздігін жариялайды. К.Броккельманның аударған нұсқасын реттеп, қателерін дәлелмен көрсетіп, түзеткен Басым Аталай болатын. Бұл түркітану ісіндегі ғажайып зор әрі зейнетті ғылыми іс болды. Түркия түріктерінің қазіргі тіліне 1939-1941 жылдар аралығында 3 том етіп жазды. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің қазіргі түрік тіліне аудармасы 1939-1941 жылғы жарияланымнан кейін мүлде жаңа белеске көтеріліп, тынысы кеңейіп, екінші бір өмірін бастап кетті. Дүниежүзіндегі аса құнды энциклопедиялық асыл қазыналардың қатарына қосылды. Бұдан кейін 1960 жылы үш томдығы Ташкентте өзбек тіліне аударылды. Ұйғыр тіліндегі аудармасы Қытайда 1981 жылы жарық көрді. Ал, түрік сөздігін қазақ тіліне аударған – Асқар Құрмашұлы Егеубай.

Махмұт Қашқари түрік жұртының тарихы және тілдік ерекшеліктері жайында. Ежелгі түрік тайпалары Тәңірге, Ұмай анаға, өлімнен кейінгі өмірге сенгені белгілі. Оған тарихта талай дерек бар. Бірақ, 751 жылы өткен Талас шайқасынан соң болған оқиғалар Азияны мекендеген түрік тайпаларының өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Жетісуға келген арабтар өзінің тілін және дінін әкеледі. Әйтседе, Ислам дінінің түріктердің санасына бірден кірмей, уақыт өте келе ғана қабылданғаны тарихта айқын көрінеді. Түріктердің күштілігін, сол уақытта үлкен саяси орын алғандығын және әлсізге қамқор, жауға қатал болғаны туралы сөздікте әңгіме етіледі. Оны «Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты уа парыз іске айналды. Өз дертін айту уа түріктерге жақын болу, жағу үшін, оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан ажырап, түріктерге сағынып, мұнайып келсе, оларды түріктер қанатының астына алып, қауіптен құтқарады; олармен бірге басқалар да қамқорлық, пана табады» [2, 34 б.] – деп автор түріктің болмысы жайлы жазған.

Махмұт Қашқари барлық түркі даласын шарлап, тайпалардың тарихын, тілдері мен сөйлесу әдебін үйреніп зерттеген. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздік қасиеттерін теріп жазған. Түріктер негізінен жиырма тайпадан тұрады. Олардың барлығының тегі Нұқ пайғамбардың ұлы Иафас және оның ұлы Түрікке барып тіреледі. Мұсылман болсын, болмасын мейілі, Рұм өлкесі жанынан Күншығысқа қарай кеткен рет бойынша, біртіндеп, шығыстағы тайпалардың орналасқан жайлары көрсетілген. Рұм өлкесіне ең жақын орналасқан бешенек, одан кейін қыпшақ, оғыз, иемек, башқырт, басмыл, қай, йабаку, татар, қырқыз тайпалары ретімен көрсетіледі. Қырғыздар Шыңға жақын орналасқан. Осы аталмыш тайпалар Рум өлкесінен Шығысқа қарай ретімен орналасқан. Содан, шігіл, тохсы, иағма, ұғрак, жарұқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, хытай ретпен орналасқан. Қытай жері сөздікте «Шын» деп аталады. Одан соң, табғаш, оны «Машын». Аты аталған тайпалар Женұп пен Шимал арасында орналасқан [2, 37 б.].

Махмұт Қашқаридің ойынша ешқандай басқа тілдермен қосылмаған, парсы тілімен араласпаған тіл – түзу тіл деп аталады. Ал, екі немесе оданда көп тілдердің қосылуын, сөздердің кіруін бұзықтық дейді. Екі тіл білетін тайпалар қатарына соғдақ, кенжек, арғу тайпалары кіреді. Шетелдіктермен араласқан тілді қолданатын тайпалар қатарына хотан, түбіт, таңғұттарды кіргізген. Жапондықтар шалғайда орналасқан, Машын мен олардың арасын өте үлкен ұлы теңіздер бөліп жатыр. Сондықтан олардың тілі білінбейді. Шындықтар мен Машын тайпасының тілдері бөлек болған. Бірақ олардың шаһардағылары түрік тілін жақсы меңгерген. Бұл мәліметті олардың түріктерге жазған хаттары дәлелдейді. Сонымен қатар, түріктермен иәжүз және мәжүзлердің арасын Шынның иелігіндегі тау-теңіздер бөліп жатқандықтан олардың тілі белгісіз болған. Түбіттердің бөлек тілі болған. Сол секілді Хотандықтардың тілі де өзгеше болған. Бұлар түрік тілін жақсы білмеген, меңгермеген.

Ұйғырлардың тілі түрікше, алайда олар өз арасында бір басқаша тілде сөйлескен. Ұйғырлар түріктердің 24 әріпті әліпбиін қолданған. Ұйғырлар мен Шындықтардың түркі жазуынан басқа жазуы бар. Олар өздерінің ресми іс-қағаздарын сол жазумен жазған. Ол жазуларды ұйғырлар мен шынәлықтардан басқа ешкім оқи алмайды.

Сахара – қыр халықтарына жататын жомылдардың тілі бөлек бір тіл болып, олар түрікшені де бек жақсы біледі. Қай, иабақу, татар, басмыл тайпалары да сондай. Олардың әрбірінің өзіне тән тілі бар, сонымен бірге түрікшені де жақсы біледі. Қырқыз, қыпшақ, оғыз, тохсы, иағма, ұғрақ, жарұқ тайпалары ортақ бір түрдегі түрікше тілде сөйлеген. Иемек пен башқұрт тілдері оларға жақын. Рұм өлкесі иініндегі бұлғар, сувар, бешенектердің тілдері сөздерінің аяғы шолақ қайырылған өзгеше бір сипатты түрікше тіл. Тілдердің жеңілі оғыз тілі, ең түзуі, турасы охсы мен йағма тілдері. Сондықтан, Іле, Ертіс, Иамар, Еділ бойынан ұйғыр шаһарларына дейін орналасқан түрік тайпаларының тілдері жақсы, таза. Махмұт Қашқаридің ойынша, осы тайпалардың ішінде Хақания өлкесін мекендеген хақандықтардың тілі ең анық, ашық, тартымды тіл болған. Баласағұн, Тараз шаһарларының тұрғындары соғдыша немесе түрікше сөйлеген [2, 34 б.].

Түрік халықтары мен тайпалары. Оғыз – Түркі тайпаларының бірі. Жиырма екі ру. Әрқайсының айырықша белгі – малға басатын таңбалары бар. Малын солай ажыратады. Жетекші руы – Қынық. Заманымыздың сұлтандары осы рудан шыққан [6, 117 б.].

Өзгіш – Өзкентте өмір сүретін түркі қауымы.

Ұйғыр – бір елдің аты. Атаудың қалыптасуы Ескендір Зұлқарнайынмен байланысты және оларды 5 шаһары бар. Оларды Е. Зұлқарнайын түрік хақандарымен келісе отырып салдырған. Зұлқарнайын Ұйғыр жерін келгенде түркі хақаны төрт мың қол жібереді. Осы әскер садақ ату өнері жағынан мықты болады. Осыны көрген Зұлқарнайын «Инан хузхурәнд» деген. Бұл сөздің мағынасы: ешкімге мұқтаж болмайды деген мағына береді. Кейін грамматиканың өзгеруіне байланысты «Ұйғыр» атауы қалыптасты.

Оғрақ – шекарадағы Қара ағаш деген жерді мекендейтін түріктер.

Арамут – Ұйғырларға жақын орналасқан түрік тайпасы [6, 118 б.].

Осылардан басқа чаруклуғ, түрік, тубут, көжәт, булақ, чарук, чумақ, чігіл, чомул, тохси, тарбын, тауғач, тат, қырқыз, соғдақ, қарлұқ, қыпшақ, канчак, басмыл, бажанак, йәмәк, йағма, йабақу, қай, танут, түркімен сияқты тайпалардың атауы аталады.

Махмұт Қашқаридің сөздігіндегі жер-су, елді-мекен атаулары.

Азығ, Абул – біздің жұрт, біздің ауыл.

Атыл – Қыпшақ еліндегі өзен (Еділ). Бұлғар (Каспи) теңізіне құяды. Бір саласы орыс елінен бастау алады.

Удун – Хотан шаһарының жанама аты. Хотандықтар да удун деп аталады.

Узуканд – Арғу еліндегі шаһар.

Ила – өзен (Іле). Екі жағалауында түркі тайпаларының яғма, тохси рулары мен жігілдердің бір тобы өмір сүреді. Бұл өзен түркі елдерінің Жайһуны.

Артыш – Йәмәк даласындағы өзен (Ертіс). Әртішмәк етістігінің түбірі «Әртіш - ерту» болады. Судан тез өту үшін бәстесіп, маған ер. Қайсымыз бұрын өтер екенбіз деген мағына береді [6, 113 б.].

Балық – Исламаяттан бұрынғы Түрік және ұйғыр елдеріндегі «шаһар» деген сөзді білдіреді. Тарихта Бешбалық, Ордабалық, Янабалық деген қалалардың аты кездеседі. Бешбалық – бес шаһар, Ордабалық – орталық шаһар, Янабалық – жаңа шаһар [6, 114 б.].

Сигұнсамур – Бұғраханға у берілген жер.

Сұғнақ, Қарнақ – оғыз шаһары.

Ісіккөл – Барсғандағы Ыстықкөл.

Сайрам – Испиджаб аталатын Байза шаһарының қосымша аты. Сайрам деп те аталады [6, 115 б.].

Сөздікте жер-су, халық атауларынан басқа ойын, тұрмыста қолданылатын құралдар, гүл-шөп атауы, сезімді жеткізетін сөздер, адам не жануардың дене мүшелерін білдіретін сөздер, тіпті адамдарда кездесетін кеселдердің атауына дейін кездеседі.

Түркі халықтарында жиі кездесетін есімдер мен құрметті лауазымдар. Атыш – ерлердің есімі.

Утуш - ерлердің есімі.

Ат – лақап есім, жасырын ат. Тайпалардың үлкендері мен көсемдері де Атты деп аталады.

Ағша – белгілі ақынның аты.

Афрасиап – Алып Ертонғаның нағыз аты.

Низамидин Тоған тегін – ханның ұлының аты [6, 123 б.].

Тегін – негізінен құл деген мағына береді. Бірақ, бұл сөздің жоғары лауазымды адамдардың есіміне қосылуының себебі бар. Түркілер өзінен жасы үлкен адамдарды қатты құрметтеген. Ата-анасынан мен не істейін дегенді «құлыңыз не істесін, құлыңызға не айтасыз» деп өздерін қатты төмен ұстаған. Осыны олардың жазған хаттарынан да көруге болады. Хаттарда «құлыңыз былай істеді, мына істі аяқтады» [2, 422 б.]деп жазған.

Қосығ – әйелдерге қойылатын есім.

Тарым – хан әулетінен шыққан қыздарға арналған сөз. Оларға Алтын тарым деген сөз қолданылған.

Қатун – Афрасиаптың қыздарының бірінің есімі [6, 124 б.].

Қаңлы – қыпшақтың ең ұлы адамының есімі [6, 125 б.].

Барсған – Афрасиаптың ұлының есімі [6, 125 б.].

Тархан – исламияттан бұрын бек сөзінің орнына қолданылған сөз.

Йафғу – хақаннан екі дәреже төмен, халық арасынан шыққан көрнекті кісіге берілетін лауазым.

Йалафар – хақан әншілерін осылай атайды.

Тойын – ислам дініне кірмегендердің дінбасы. Ол біздің имамдар мен муфтилерге тең.

Қара – жоғары лауазымды адамдарға қосылатын лақап ат. Күшті, мықты деген мағына береді.

Йуғуруш – қарапайым халықтан шығып, уәзір дәрежесіне дейін көтерілген адам.

Чувы – хотандықтардың хақандарынан екі саты төмен тұратын дәреже. Кісіге берілетін атақ [6, 126 б.].

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты түркі сөздерінің жинағы арқылы бізге жеткен алғашқы қауым адамдарының еңбек жөніндегі өлең-жырлары сол сол дәуір адамдарының аңшылық, егіншілік және мал өсіру саласындағы өмірін, еңбек процесін, тайпа мүшелерінің қауымдасқан тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Түрік тілдерінің жинағында ерлікті, батырлықты мадақтайтын өлең-жырлары көп. Әрбір қадамы қатерге толы түркілер соғыста ерекше ерлігімен, қыруар күш-қуатымен, әскери айла-тәсілімен жұрт көзіне түсуді өзіне биік мәртебе санаған. Дәл осындай халық батырларының сом тұлғасын жасау – барлық халықтар эпосына тән құбылыс. «Сөздікте» мысал ретінде келтірілген шағын өлең жолдары қазақтың көнеден келе жатқан батырлар жырларындағы батырларды таныстыру тәсілін, жекпе-жекке шақыру мәнерін, қазалы үйге ат шаптырып келу дәстүрін т.б. еріксіз еске түсіреді.

Осыдан он ғасыр бұрын жазылған еңбек орта ғасырлардағы түркі халықтарының тарихын зерттеудің негізгі дереккөзі. Еңбекте орта ғасырлық түркі тілінің грамматикасы өте жақсы түсіндіріледі. Сол ғасырдағы көп қолданылған сөздер, адам есімдері, жер-су атаулары берілген. Тайпалар туралы нақты мәліметтер кездеседі. Мысалы, шігіл тайпасының атауының шығуы туралы да құнды мәлімет бар. Шігіл тайпасының атауын Азияға жорыққа келген Ескендір Зұлқарнайын берген деген ескертпе айтылады. Түркі тайпаларынан басқа мемлекеттер мен халықтар туралы жалпылама қысқа да нұсқа деректер кездеседі. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі тұтас түркі халықтарының тарихи дереккөзі деген атақ бекер берілмегендігі айдан анық. Екінші жағынан «Диуани лұғат ат түрік» еңбегін сөздік деп те айтып жүрген ғалымдар бар. Еңбекті сөздік деп атауға да негіз бар. Себебі, ортағасырлық түркі тілінің грамматикасы оқырман жеңіл түсіну үшін қарапайым сөздермен жеткізіледі. Көптеген сөздердің аудармасы, қандай жағдайда қолданылатындығы, қалай жазылатындығы туралы түсініктер беріледі. Адам есімдерінің жасалу негізі де түсіндірілген. Күнделікті өмірде қолданылатын тұрмыс құралдарының да анықтамалары жеткілікті. Сөздер жинағынан басқа мақал-мәтелдер, өлең жолдары да кездеседі.

Ғалымдар «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін қалай атаса да, оның түркі әлемі туралы түсінік беретін ең орасан зор дереккөздердің бірі екендігі факт. «Диуани лұғат ат түрік» өткеніміз туралы үлкен мәлімет беретін еңбек ретінде, әлемдік тарихты зерттеуде үлкен рөл атқарған еңбек ретінде мойындалса, оны жазған автордың тарихта алатын орны өте ерекше. Бұл, Махмұт Қашқаридің еңбекқорлығын, ғылым үшін орасан зор жұмыс атқарғандығын көрсетеді. Екіншіден, барлық түркі жерін аралап шығып, тілдік ерекшеліктерін зерттеп, «олардың әрқайсысының тілі жүрегінде ұялап үлкен орын алды» – деп айтуы оның жалындаған патриоттық сезімін көрсететін секілді. Демек, біз, қазіргі ұрпақ автордан үлгі өнеге ала отырып, еліміз үшін, тарихы бір халықтарымыз үшін әлі де көптеген жұмыстар атқаруымыз керек деген ойдамын. Осындай үлкен еңбекті оқу міндетті түрде оқырмандардың патриоттық сезімін оятатындығы анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жолдасбайұлы С. Қазақстанның ерте және орта ғасыр тарихы. Алматы, 2010. – 336 б.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том/Аударған А.Егеубаев. – Алматы: Арда+, 2017. – 592 б.
3. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы: абзал-Ай, 2003. – 312 б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 1996. – 544 б.
5. Абдрахманова Г.С. Памятник тюркской культуры «Диуани лугат ат-тюрк» Махмуда Кашкари» – // Байырғы түрік құндылықтары-2017. Халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференциясының мақалалар жинағы. Астана: ЕҰУ баспасы, 2017. – 473 б.
6. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2005. Т. 3: Ортағасырлық тарихи ой. 2005. – 512 б.

СВАДЕБНЫЙ ОБРЯД КАЗАХОВ: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Нурпеисова С.Е.

Научный руководитель: к.и.н., ассоц. проф. Абдрахманова К.К.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

nurpeisssova.sss@gmail.com

г. Караганда

Традиции и обычаи сопровождают казахов начиная с появления на свет и далее на протяжении всей жизни. Они складывались и оттачивались веками, в них заложена народная мудрость. Одним из самых ярких, важных считается свадебный обряд, состоящий из нескольких этапов и имеющий особый символизм и значение в жизни молодоженов. Цель настоящего доклада состоит в рассмотрении самых важных этапов казахской свадьбы и их изменение в советское время и с обретением Независимости.

Первые сведения о свадебном обряде казахов были собраны российскими путешественниками XVIII–XIX вв. О свадьбах казахов писал российский исследователь Георгий И.Г. в своем труде «Описание всех обитающих в российском государстве народов» [1]. Известным этнографом Левшиным А.И. и опубликованы в 3-й части «Описания Киргиз-казачьих или Киргиз-кайсацких орды степей» подробно освещен казахский свадебный обряд. В ней описан традиционный мусульманский обряд бракосочетания у казахов [2]. Подробное описание казахских свадеб было дано Ю. Алтынсариным в «Очерке обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства», где были даны сведения о брачном возрасте, размере калыма и прочих элементах казахской свадьбы [3].

Из исследователей советского времени стоит отметить Х. Аргынбаева, посвятившего статью сравнению свадебного обряда советского времени и кочевых казахов [4].